

**8D08201 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) доктор ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында өсірілетін бал араларының морфологиясы және шаруашылықта пайдалы белгілері» тақырыбындағы Спатай Нұрәділ Нұрбекұлының диссертациясына**

## **ОТАНДЫҚ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ**

**Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығы негіздеу.**

Жұмыстың өзектілігі Қазақстандағы ара шаруашылығының қазіргі жағдаймен, оның ішінде бал араларының генетикалық әлеуетін сақтау және тиімді пайдалану мәселелерімен тығыз байланысты. Аталған зерттеу Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында өсірілетін бал араларының морфологиялық және шаруашылықта пайдалы қасиеттерін жан-жақты талдауға бағытталған. Ара шаруашылығы – өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы қарағанда ерекше ауыл шаруашылығы салалардың бірі. Қазіргі уақытта ара шаруашылығы дамыған елдерде морфометриялық және молекулалық-генетикалық зерттеулер негізінде жергілікті ара тұқымдарын жақсарту бойынша жұмыстары белсененді жүргізілуде. Осыған байланысты жүргізіліп жатқан зерттеу жұмысы, Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағындағы ара шаруашылықтарын аудандастырудың бағдарламасы төңірегінде тиімді пайдаланылып кең көлемде орындауға бағыталды.

Диссертациялық жұмыс Ғылыми-зерттеу жұмысы ҚР АШМ, 2021-2023 жылдарға арналған «Ара шаруашылығында селекциялық процесті тиімді басқару технологияларын өзірлеу» ғылыми-техникалық бағдарламасы бойынша орындалған.

**Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі.**

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылымға елеулі үлес қосады.

Докторант жүргізген зерттеу нәтижелері ғылыми тұрғыдан негізделген, заманауи морфометриялық, генетикалық және статистикалық әдістермен дәлелденген. Алынған мәліметтер Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағындағы бал араларының өнімділігі мен жергілікті климатқа бейімділігін бағалауға мүмкіндік беріп, ара шаруашылығындағы селекциялық жұмыстарды жетілдіруге ғылыми негіз қалады.

Докторанттың ғылыми жұмысы Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағындағы бал араларының морфологиялық, генетикалық және шаруашылықта пайдалы белгілерін кешенді тұрде зерттеумен ерекшеленеді. Зерттеу барысында 8 омартадан 1370 бал ара ұясы талданып, әр ұядан ұлгілер алынып олардың өнімділік көрсеткіштері, аймақтық бейімділігі және селекциялық әлеуеті анықталды. Морфометриялық және генетикалық талдау нәтижесінде бал араларының тұқымдық сәйкестігі мен олардың экологиялық факторларға бейімделуі ғылыми тұрғыдан дәлелденді. Алынған нәтижелер омарта шаруашылығында селекциялық бағдарламаларды дамытуға, жергілікті

ара популяцияларын қорғауға және олардың өнімділігін арттыруға негіз болады.

Морфометриялық талдау нәтижесінде кубитальді индекс 1,55-тен 4,22-ге дейін, гантельді индекс 0,80-ден 1,21-ге дейін, дискоидальді ауытқу 0,54-тен 4,71-ге дейін өзгергені анықталды. Сонымен қатар, бал өнімділігі 7,75 кг-нан 60,58 кг-ға дейін, ал балауыз өндірісі 0,335-0,09 кг аралығында екені дәлелденді. Бұл нәтижелер әртүрлі тұқымдардың жергілікті климатқа бейімделуін және өнімділігін арттырудығы маңызын ғылыми негіздеуге мүмкіндік берді.

Докторант диссертациялық зерттеуінде морфометриялық және шаруашылық-генетикалық әдістерді қолдана отырып, Қазақстанда өсірілетін краиндық, карпаттық және Қазақстандық популяциялардың ерекшеліктерін бағалаған. Зерттеу нәтижесінде әр тұқымның жергілікті климаттық жағдайларға бейімділігі, өнімділік деңгейі және шаруашылықтағы тиімділігі туралы ғылыми негізделген қорытындылар жасалды.

### **Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұластығы.**

Докторанттың диссертациясы ғылыми талаптарға сай құрылымдық және мазмұндық тұластықты сақтай отырып орындалған. Жұмыс кіріспе, әдеби шолу, зерттеу әдістері, нәтижелер мен талдау, қорытынды және ұсыныстар бөлімдерінен тұрады, әрбір бөлім зерттеудің жалпы мақсатына сәйкес бір-бірімен логикалық байланыста құрастырылған. Теориялық және практикалық деректер біртұтас жүйе ретінде ұсынылып, зерттеу нәтижелері ғылыми тұрғыда негізделген және оларды қолдану мүмкіндіктері нақты көрсетілген. Жалпы, диссертацияның құрылымы мен мазмұны ғылыми жұмысқа қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

### **Докторанттың жарияланымдарын тізімдеу.**

Диссертациялық зерттеулердің нәтижелері бойынша 6 ғылыми басылым жарық көрді, оның ішінде 1 мақала халықаралық Scopus деректері базасына енгізілген жарияланымдарда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған басылымдарда, 2 ұсыныстар (рекомендация) жарияланған.

### **Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі.**

Докторант зерттеу жұмысының барлық кезеңдеріне тікелей қатысып, ғылыми мақсаттар мен міндеттерді орындауда өз бетінше зерттеулер жүргізді. Ол 8 омарта шаруашылығының 1370 бал ара ұсын зерттеп, морфометриялық және генетикалық талдау әдістерін қолдану арқылы алынған нәтижелердің дәлдігін қамтамасыз етті. Докторанттың зерттеуге қосқан жеке үлесі оның теориялық және практикалық дайындығының жоғары деңгейде екенін көрсетеді, бұл оның диссертациялық жұмысының ғылыми құндылығын арттырады.

**Корытынды.** Нұрбекұлының диссертациясы өзектілігі мен ғылыми жаңалығы жоғары деңгейдегі зерттеу жұмысы болып табылады. Докторант өз жұмысын үлкен жауапкершілікпен атқарды және ғылыми-

зерттеу дағдыларын жоғары деңгейде көрсетті. Оның зерттеуі Қазақстандағы бал ара шаруашылығын дамытуға айтарлықтай үлес қосады.

Спатай Нұрәділ Нұрбекұлы 8D08201 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) доктор ғылыми дәрежесіне қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес деп санаймын және ашық қорғауға ұсынылады.

Отандық ғылыми жетекшісі  
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу  
университетінің «Зооинженерия  
және биотехнология» кафедрасының  
профессоры



Буралхиев Б.А.

